ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№3/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Наваи атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфиелд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан РеспубликасыАқпаратжәнеқоғамдықдамуминистрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.09.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфиелд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.09.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate ProfessorAlikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
P**imenova M.V.**	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan,Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.
Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».
The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022
Signed for printing 26.09.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house
Circulation 200. Price agreed. Order No. 89
Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

АМИРОВА А.Б., БЕЙСЕНБАЙ А.Б., ШЫРЫН Х.	Қазақ, ағылшын тілдеріндегі «халық» ұғымының мақал-мәтелдердегі көрінісі	7
КАСПИХАН Б.К., СӘРСЕНБАЙ Ж.А., ИГИЛИКОВА С.И.	Тонықөк ескерткішінің графикалық және орфографиялық ерекшеліктері	19
КОПБАЕВА Ж.Т., АБДИРАСИЛОВА Г.Қ., БЕКЕНОВА Г.Ш.	Түркі ескерткіштері тіліндегі есімдіктер мен қазіргі түркі тілдеріндегі параллельдер: көне жұрнақтар негізінде	31
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ӘЛІМБЕК Г.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтел қолданысы	43
МЫРЗАБАЕВА Б.Д., АЛКЕБАЕВА Д.А., БАЕШОВА Б.Ш.	Қазіргі тіл біліміндегі «тіл» және «сөз» ұғымдарының арақатынасы, сөздің прагматикалық мәні	64
НУСУПОВА А.Ж., ТОҚТЫБАЕВА Ж., КУРМАНБЕКОВА З.Р.	Қазақ тіліндегі гибрид сөздер: жасалуы және қолданысы	78
ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Этномәдени компоненттің тіл мен мәдениет сабақтастығындағы орны	88
РАМАЗАНОВ Т.Б., СОЛТАНБЕКОВА А.Ә., ШОРТАНБАЕВ Ш.А.	Мектеп оқулықтары терминдерінің тілдік ерекшелігі («Құқық негіздері» пәні мысалында)	99

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә.	Есенғали Раушановтың «1932 жыл. Қазақстан» өлеңінде аштық зұлматының бейнеленуі	117
AMANKULOVA L.A., ZHALGASBAYEVA K.B.	Manifestations of national mentality in contemporary kazakh poetry	126
BAILIYEVA U.B., DADEBAEV ZH., DAUTOVA B.D.	The degree of equivalence in translating the concept of “qairat” (willpower) in A. Kunanbayev’s works	134
БАЙТУРИНА У.К., ШОМАНОВА Г.К.	Американский текст Ф. Достоевского. Идея и сюжет как открытия реализма	147

КЕМЕҢГЕР Қ.Р., ЖҰМАҒҰЛ С.Б.	Мағжан Жұмабайұлының «Ертегі» поэмасы: тарихи және көркемдік шындық	155
ҚАБЫЛОВ Ә.Д., ҚАМАРОВА Н.С., ШОҚАЙ М.Т.	Әбіш Кекілбайұлы – публицист	164
МӘДІБАЕВА Қ.Қ., МАҒАЗБЕКОВ Н.Ж., РАХМАНОВА Н.М.	Абайдың ақындық кітапханасы: ортағасырлық түркі поэзиясы дәстүрі	177
ТОҚТАР Г.М.	Тәуелсіздік идеясы алаш қаламгерлерінің басым бағыты	187

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

BAZARBEKOVA D.M., ADILOVA ZH.K., SAMSENOVA G.S.	Application of precedent texts in russian language lessons	198
BEISENBAYEVA L.ZH.	Assessing students' oral proficiency in cooperative learning (cefr framework)	209
КҮЗЕМБЕКОВА Ж.Ж., ДЕМЕСИНОВА Ж.О.	Айтылым субтестілерінің құрылымы мен бағалау жүйесі	217

ҒТАМР 17.07. 41
DOI https://doi.org/10.55808/1999-4214.2025-3.15

Қ.Қ. МӘДІБАЕВА[1]
***Н.Ж. МАҒАЗБЕКОВ**[2]
Н.М. РАХМАНОВА[3]
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан[1,2]
Алматы гуманитарлық-экономикалық университеті,
Алматы, Қазақстан[3]
(e-mail: Kapi-51@mail.ru[1], nur_magazbekov@mail.ru[2], 55rnm@mail.ru[3])

*АБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҚ КІТАПХАНАСЫ: ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ПОЭЗИЯСЫ ДӘСТҮРІ

Аңдатпа. Абай поэзиясын өлең түрлері бойынша зерттеу абайтану тарихындағы ғылыми негізде орныған, өріс жайған іргелі бағыт болып табылады. Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде Абай өлеңінің құрылысы, өлеңдік түр, өлшеміне арнайы тоқталды. Бұл тұрғыда Ілияс Жансүгіровтың, Ғабдрахман Сағди пікірлеріне (1922, 1923 жж.) де аса мән беріледі. Абай поэзиясының дәстүрлі негіздері М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Тоғжанов, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Шашкин, А.Нұрқатов еңбектерінде жан-жақты сараланады. Абайтану тарихында өлең түрлерін қазақ поэзиясының поэтикалық тұғырлары; Шығыс классикалық әдебиеті мен Батыс, орыс поэзиясы ықпалдастығында зерттеу ұстанымдары айқындалып, орныққан ғылыми бағыт түзді. Кез-келген ғылыми мәселенің кезеңдік сипаты болатындығы тұрғысында абайтануда Абай поэзиясын өлеңдік түр негіздерінде, дәстүрлер тоғысы аясында зерттеуді жалғастыру өзектілігі айқын. Кеңестік жүйеде Абай поэзиясындағы шығыстық арқаулар, ортағасырлық түркі поэзиясы дәстүрлері бойынша арнайы тақырыптық зерттеулер жүргізу мүмкіндігі шектеулі болды. Абай поэзиясындағы өлеңдік өлшемдерге орыс поэзиясы ықпалында туып, орныққан түр дегендей басымдық берілді. Бас абайтанушы М.Әуезовтің Абай бала кезде бет бұрған шығыстық жағалаудан өмірінің ақырғы кезеңінде шығарған «Алланың өзі де - рас, сөзі де – рас» туындысына шейін бас тартқан емес деген тұжырым, тоқтамы Абай өлең түрлерін зерттеуде қағаберіс қалғаны белгілі. Абай және Шығыс тақырыбындағы М.Мырзахметов зерттеулерінде, Ө.Күмісбаев еңбектерінде Шығыс поэзиясының жанрлық түрлері, поэтикалық айрықшалықтары аталып отырғанымен, нақтылы өлеңдік түр дәстүрін Абай өлеңімен салыстыра зерделеуге мүмкіндік болған жоқ. Тәуелсіздік дәуір қазақ әдебиеті тарихын араб классикалық әдебиетімен, ортағасырлық түркі поэзиясы жазба дәстүрімен сабақтастыра, салыстыра зерделеуге жол ашқанымен, маман тапшылығында, ғылымның қаржыландырылу мәселесінде бұл өзекті ғылыми-теориялық бағыт қауырт қолға алына қоймады.

Түйін сөздер: Абайтану, ақындық кітапхана, өлең түрі, ортағасырлық түркі жазба поэзиясы, шағатай тілі, шайырлық шеберлік, мухаммас, шығыс мұсылман әдебиеті.

Кіріспе. Қазақ өлеңтану ғылымында Абай поэзиясының белгілі бір тарихи кезеңдегі поэтикалық өріс ашқан жаңашыл бағыты дәстүрлі негіздерінде, жанрлық, құрылымдық көркемдеу тәсілдерінде бір ғасырдан астам уақыт зерттеу нысаны болып отыр.

* *Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR21882298 «Қазақстан әдебиеттануы мен өнертануы әлемдік гуманитарлық білімнің тұжырымдамалық эволюциясы аясында» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында «Абайдың ақындық кітапханасы» бойынша дайындалды.*

Посткеңестік кезеңдегі түркі халықтары әдеебиет тарихын дәуірлеу; шығармашылық тұлға мұрасын ортақ түркілік ортағасырлық негіздерде тану, игерудің тың тәжірибесі Абай поэзиясындағы өлең түрлерін зерттеуді дамытуды да міндеттеп отырғанын көреміз. Қазіргі абайтануда ақындық мектеп, ақындық кітапхана бағытында жаңа дереккөздер; тың байламдар айналымға түсіп отыр. Абай поэзиясының классикалық Шығыс, ортағасырлық түркі жазба әдебиет дәстүрлерімен сабақтастығын; Абайдың орыс, Батыс поэтикалық мектептерінен сіңірген үрдіс-үлгілерін нақтылы өлеңдік түр арнайы зерттеу, нақтылы саралау, жинақтау мәнді кешенді, жүйелі пайымдауларды күтеді.

Абай поэзиясының өлең түрлері бағытындағы зерттеу нәтижелері мен кеңестік кезеңде толық ғылыми айналымға түсуі шектелген ақындық мектеп, ақындық кітапхана бойынша деректерді жаңаша саралау, қорыту, Абай өлеңіндегі өлшем, ұйқас, құрылымдық негіздерге өлеңдік түрді айқындау фактісінде ақындық тұлға феноменін зерттеудің методологиялық тұғырларында арнайы ден қою жанр заңдылығы, өлеңдік үлгі, түрдің тарихи-әлеуметтік алғышарты, дара шығармашылық тәсілдер, әдеби даму үдерістері бойынша толымды таным қалыптастырады.

Абайтану тарихында идеологиялық талаптарда, маман тапшылығында, т.б. себептерде зерттеу бағытында көп кедергіге ұшыраған Абай шығармашылығының шығыстық негіздері мәселесінде кейінгі кезеңде арнайы зерттеу еңбектердің жарық көре бастауы ақындық кітапхана, өлеңдік түр бойынша арнайы зерттеулер жүргізуге мүмкіндік туғызып отыр.

Мақаланы жазуда Абай Құнанбайұлының 1933 жылғы тұңғыш толық жинағында [1] алғаш баспа жүзін көрген, Абайдың шығыс, парсы, шағатай ақындарына еліктеп жазған туындылары болып аталатын үш өлеңін шығыс поэзиясындағы балама үлгілермен салыстыра саралап, дәстүр, жанрлық айрықшалығында алғаш рет ғылыми айналымға тартып отырған шығыстанушы ғалым Төрәлі Қыдырдың «Абай мұрасы және ортағасырлық түркі жазба жәдігерлері: әдеби компоративистикалық талдау» атты ғылыми-зерттеу еңбегі нысанаға алынды [2]. Бұл еңбектегі Абай өлең түрлеріне қатысты пайымдаулардың мәселе бойынша абайтану тарихындағы зерттеу нәтижелерімен қатысы [3], [4], [5], [6] өзара сәйкес сабақтастығында сараланып нақтылануы да мақсат етілді және де Төрәлі Қыдыр зерттеулеріндегі Абай поэзиясын шығыстық, ортағасырлық түркі жазба поэзиясымен тамырласқан жанрлық, көркемдік айрықшалықтарында игеру, тану тәжірибесін Абай өлең түрлері бойынша шығыс поэтикалық мектептері дәстүрін алғаш рет арнайы, ғылыми негізде саралау ұстанымы маңыздылығында зерделеу көзделді.

Абай поэзиясының жаңашылдық бағыты, дәстүрлі негіздерін өлеңдік түр, Абай өлеңінің ортағасырлық түркі жазба әдебиет дәстүрі, Шығыс классикалық поэзиясы ауқымында зерделеуде Төрәлі Қыдыр еңбегіндегі жүйеленген өзекті пайымдаулар ғылыми маңызды.

Абай поэзиясын өлең түрлері, жанрлық негіздерінде зерттеудің әдіснамалық тұғырлары; ғылыми өзекті ұстанымдар назарда болатын бұл мақалада тақырып бойынша бір зерттеу ауқымында іргелі зерттеулерді пысықтау, дамыту жолдарын қисындау бағытында да пайымдаулар жасалады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақалада талдау жүргізуге қазақ өлеңтану ғылымындағы, абайтанудағы Абай поэзиясы өлең түрлері бойынша зерттелген ғылыми еңбектер және шығыстанушы маман Төрәлі Қыдырдың тақырып бойынша аталған зерттеуі негіз болды. Бұл тұрғыда мақалада нақтылы саралаулар жүргізуде мәдени-тарихи, тілдік-танымдық; әдеби герменевтикалық зерттеу әдістері қолданылды.

Мақала Абайдың поэзиясын өлеңдік түр бойынша зерттеу өзектілігінде тақырып бойынша нақтылы ғылыми еңбекке саралау жүргізудің жолдарын негіз етіп жазылды. Абай Құнанбайұлы қазақ әдебиеті тарихының XIX ғасырында – сөз өнерінің бірнеше ғасыр бойғы ауызша таралып сақталу үрдісінен жаңа жазба әдебиетке ойысу дәуірінде жасаған шығармашылық тұлға. Абай поэзиясын ақындық дәстүр, поэтикалық негіздерінде зерттеуде ұзақ уақыттар бойы қилы себептерден Шығыс классикалық әдебиетінің ықпалы нақтылы пәндік зерттеудің түбегейлі ғылыми ұстанымдар қалыптастырған арнасына

айнала алмады. Мақалада осы мәселенің түптөркіні, зерттеу кеңістігі арнайы пайымдалып, шығыстанушы Төрәлі Қыдыр зерттеуіндегі тың тұжырым, ақындық кітапхана фактісіндегі нақтылы деректер Шығыс классикалық әдебиетінің қазақ әдебиеті тарихындағы ықпалды маңыздылығында ғылыми нысан мәнінде зерделенді.

Төрәлі Қыдырдың ортағасырлық түркі жазба поэзиясының Абай шығармашылығына әсер-ықпалы XIX ғасырдағы діни медреселердегі оқу жүйесі, оның Абайдың тұлғалық қалыптасу жолындағы мән-маңызы; жалпы мұсылмандық Шығыс әдебиеті дәстүрі және оның сөз өнері тұрғысында жүргізген салыстыру, саралаулары абайтанудың зерттеу нәтижелерінде пайымдалып, автордың тақырып ауқымындағы тоқтамдарының негізділігіне мән берілді.

Абай поэзиясында поэтикалық дәстүр, Шығыс әдебиеті ықпалдастығында ақындық кітапхананы нақтылау бағытындағы ізденістер жүргізу өзектілігінде Абайдың 1858 жылы жазылған деп беріліп келе жатқан үш туындысының өзіндік маңызы айқын. Төрәлі Қыдыр еңбегіндегі осы үш шығарманың мәтіндік дұрыс нұсқа ықтималдығында; өлеңдік түр дәстүрі айрықшалығында; жанр поэтикасында арнайы, кең салыстырмалы саралауға алынуы, осында абайтануда ілгеріде зерттеу мүмкіндігі шектеліп отырған мұсылмандық ағартушылық; сопылық әдебиет негіздеріне нақтылы тоқталу – бұл еңбектің зерттеу бағытындағы соны сипаты. Салыстырулар ауқымында нақтылана түскен ақындық кітапхана, өлеңдік түр, жанр дәстүрі дерегі Абай өлеңін ғылыми-теориялық тұрғыдан жүйелеп, жіктеудің тәжірибесі ескеріліп отырып сараланды, болжам, байламдар жасалды. Осы негізде Абай өлең түрлері туралы ғылыми тоқтамдар Төрәлі Қыдыр салыстыруларындағы айрықшалықтар, ғылыми дәлел-дәйектер ауқымында зерделенеді.

Жазутану бойынша маман тапшылығы Абай мұрасын өлең түрінде зерттеуде де шешімі табылмай келе жатқан өзектілігінде әрдайым күн тәртібінде тұрған.

Төрәлі Қыдыр араб әліппесінде жазба нұсқасы сақталмаған Абайдың Шығыс ақындары үлгісінде шыққан үш өлеңінің арабша қадім жазуындағы нұсқасын жасап барып саралауында қазақ, Абай поэзиясына араб жазуы шығыс поэзиясының ықпалын жанрлық аяда ашады; осыған қоса арабша таңбаның өлең сөздің поэтикасымен астасқан айрықша функциясына ден қояды.

Ғылыми еңбектің «Абай және қадімдік оқу жүйесі», «Хадис және Абай», «Рабғұзи және Абай», «Абай шығармаларына қатысты қолжазбалар», «Абай шығармаларының басылымы», «Абай шығармалары көшірілген қолжазбалар», «Қолжазбаларға салыстырмалы-мәтіндік талдау», «Абайдың түркі әдеби тілінде жазылған өлеңдерінің текстологиясы», «Абай және «Әліппе» жанры» атты бөлім, тарауларда абайтанудың ақындық кітапхана мәнінде кем зерттелген саласын толықтыра түсетін ғылыми негізді дерек, дәйектер кең өріс аша орныққан.

Талқылау мен бақылау. «Абай шығармаларының ішінде ең аз зерттелген туындысы – «Әлиф-дек ай йүзіңә ғибрәт еттім» деп басталатын өлеңі. Хакімнің ақындық әлемін қарастырған ғалымдардың бәрі дерлік ақынның бұл өлеңін айналып өтуге тырысқан немесе Әуезовтің осы жырға қатысты тұжырымдарын берумен ғана шектелген. Абайдың Шығыс әдебиетімен байланысын арнайы қарастырғандар да бұл өлеңнің көркемдік ерекшелігін ашуға тырыспаған» [2,128].

Т.Қыдырдың арнайы, мәселе бойынша зерттеуінде аталған өлең алғаш рет тұтас көркемдік тұрғыдан талқыға алынған. Шығарма мазмұнына қадім жазуы үлгісінде әрі сопылық арқауда туғандығында зер салынады.

Ақындар «Әліппе» жанрына мұсылмандық Шығыс әдебиетінде шеберлік шыңдап барып қана тәуекел еткендігін баса айтуында автор пікірі Абайдың бұл өлеңді жас шағында емес, есейе келе жазуы да мүмкін-ау дегендей ойға жетелейді. Абайдың өмірінің соңғы кезеңінде жазылған таза тақуа діни ұстанымдағы өлеңдерімен бір тұста туған ба екен дегендей ой да туады. Шығыс ақындарына еліктегені медресені бітірер-бітірмес жас кезінде ғана болған, кейін Абай бұл жаққа бармады дегендей, Абайдың әдеби мұрасын бағалаудағы сыңаржақ пікірлер басымдығындағы сақтық та болуы мүмкін.

«Әлифдек» өлеңін талдауда нендей мәселеге мән берілді? Нендей жай қағаберіс қалды? Енді қандай айрықшалықта танығанымыз жөн? Осы сауалдарға шығыстанушы Т.Қыдыр еңбегінде нақтылы ұсыныс, болжам, байламдар бар.

Жай еліктеу, сырт үлгіні қолдану, т.б. абайтанудағы тұрақты пайымдаулардың [3] бұл туындыға келмейтінін зерттеуші батыл кесіп айтып, тың тоқтам жасайды.

«Расында да ақын ортағасырлық түркі ақындарында кездесетін араб графикасы негізінде жасалатын шайырлық шеберлікті одан әрі жетілдіріп, қадімша әліппенің емлелік жазылу ерекшелігін өлең сөзбен өрнектеп бергені анық. Әдебиет әлеміне сыналап еніп келе жатқан ақынның «тырнақалды» бұл туындысының сәтті шыққанын да баса айтқан жөн. Егер де Абайдың осы өлеңін ортағасырлық кез-келген ақынның мұрасы ретінде таныту үшін көне қолжазбалардың ішіне салып жіберсе, кейбір ғалымдардың өзі соған иланған болар еді. Себебі өлең үлгісі де, ондағы өрнектер де ортағасырлық шайырлардың жазу мәнеріне тән екені белгілі» [2, 133]. «Әліппе» өлеңі мен «Иүзі раушанға» Мұхтар Әуезов атап көрсеткен айырмашылықтарға байланысты жаңа пайымдаулар жасалған.

Әлішер Навоидың қырық мың жол өлеңнен тұратын «Чар-диуанының» көркемдік бір құпиясы – өлеңтануда әзірге мән берілмеген айрықшалық. Қырықыншы ғазалға шейін өлең жолдарындағы соңғы дыбыстың, әріп таңбасының біркелкі не «әлифпен» келіп отыруы, әрі қарай «Бә» дыбысына ойысу – бұл өлең құрудағы орныққан тәсіл. Негізді амал.

«Шардиуанның [7] (төрт кітап – Қ.М.) алғашқы «Ғараиб – әс- сиғар» жинағында берілген 650 ғазалдың барлығы араб әліппесі бойынша рет-ретімен берілгендігіне зерттеуші ғазалдар топтамасының тақырыбы десе де болады деген тоқтам жасайды. Сонымен бірге Абайдың «Әліппе» өлеңінің құрылысының Науаи тәсілінен бөлек көркемдік әдісті қолданылып жазылғандығын қадап айтады. Абай өлеңінің табиғаты бөлек. Мектебі де басқа деген тұжырымдар Шығыс және Абай мұрасы тақырыбындағы келешек мақсатты мұраттарға бастап тұрғанын аңлаймыз.

«Сондықтан да, медреседе жүрген болашақ ақын өзінің өлең құрылымын Науаидан емес, басқа да түркі ақындарынан алғандығы ақиқат» [2, 149], Абайдың «Әліппе» өлеңінің үлгісінің жолма-жол аудармасын келтіріп отырып бұл өлеңді Қарахандықтар билігі тұсында өмір сүрген Қожа Ахмет Иасауи дәстүріндегі, түркі даласында алғаш «Әліппе» жанрында жазған Сүлеймен Бақырғанидың даналық сөздерінің үлгісімен сабақтастырады. Сонымен бірге Сүлеймен Бақырғанидың «Әліппе үлгісіндегі» [8] (Сүлеймен Бақырғани, 2008) өлеңімен Абайдың жыр жолдарындағы толық үйлесімді айқындап береді. Уақыттың алты жүз жыл алшақтығына қарамастан екі ақынның да «Әліппесінің» жазылу мәнері бір негізде.

Құрылымы XI-XII ғасырларда түркі әдебиетінде үстем болған мусамматтың мураббағ үлгісі екен. Ахмет Иасауидің бірнеше хикметі де осы құрылымда жазылғандығын Т.Қыдыр арнайы ескертіп өткен.

Қазақ өлеңтануында, абайтануда М.Әуезов айтқан көп шығыстық өлең түрлері осы уақытқа шейін қилы себептерде сол айтылғаны айтылған күйінде қалып келді. Т.Қыдыр өлеңнің бұл түрінде әрбір әріптен образ сомдау тәсілінің болғандығын нақтылы талдаумен айқындап, қазақ өлеңтануында қозғалмаған теориялық негізінде танымға тартқан. Абайдағы бұл өлең түріне қатысты және бір беймәлім, құпия тәсілдің кілтін ашады. Ажам халықтарында кездеспейтін, арабтың өзіне ғана тән «Сә» әрпіне сай «Сәна», яғни Аллаға мадақ сөзі қолданылғаны туралы «Иүзі-раушанның» көркемдігіне қатысты ілгері-соңғыда айтылмаған жаңа байлам жасалған. «Сад» дыбысына «Сабыр» сөзін қолданғаны, басқа да әр дыбыс таңбасының мақсатты қойылуы тарқата сараланады.

Сүлеймен Бақырғанида кең көркемдік өріс түзген бұл тәсілдің әріп таңбасын «тасалаған» көп құпиясы, көркемдік шешімі туралы ғылыми тоқтамдардың қазақ өлеңінің табиғатын ашуда септігі тиетіндігі даусыз.

Бақырғанидың «Әліппе» үлгісіндегі өлеңі мен Абай өлеңін салыстыру Шығыс, түркі поэзиясының құрылым техникасы, поэтикалық қуаты туралы жаңа болжам-байламдарға жол ашқан.

Араб әліппиін түркі сөздеріне орайластырудың тың тәсілдері сыр бүгіп жатқан және бір зер салатын құбылыс. «Осындағы «түзүб», «сақыныб», «қыр ерміні», «көндә», «наурыз», «йаныб» деген секілді сөздер түркінікі. Осында назар аударатын бір мәселе бар. Ақын түркі сөздерін бергенде түркілік дыбыстарға ыңғайлы араб әріптерінің тұсына ғана жазғанын аңғаруға болады [2, 154].

Арабта «т» дыбысының екі түрлі таңбаланатынын, «с»- ның үш түрлі жазылатынын және түркі тілінде бұл әріптердің арабқа тән сөздерде ғана болатыны; арабтың кірме сөздері осы ғана әріппен жазылатыны; қадімша жазудың басты ерекшелігі араб, парсы кірме сөздерінің сол қалпында жазылуы және бұл әріптердің түркілік дыбыстарға үйлеспейтіндігіне қарамастан жүздеген жылдар қолданыста болуы туралы құпия да осы зерттеуде ашылған.

Әлгі арабта бірнеше таңбасы болатын дыбыстың түркі сөзі үшін бір таңбасы жеткілікті болғанына да шығыстану, өлеңтану күні бүгінге шейін зер сала қоймаған.

«Сондықтан да А.Байтұрсынұлының әліппесінде де екі түрлі таңбаланатын «т» әрпінен «тә», ал үш түрлі таңбаланатын «с» әрпінен «син» ғана қалдырылған» [2, 154].

«Сәнә» сөзінің тек қана Халиққа, Жаратушыға ғана қарата қолданылатыны айтылған. Абайдың бұл сөзді қолдануы әлде де тарқата зерделеуді күткен екен.

Бір әріпке бір тармақ емес, бір шумақ түзудегі Бақырғани тәжірибесі, түркі сөз өнері мен Шығыс мұсылман әдебиетінің өлең өрнегін ұштастыру, оның түркілік негізінде қазақ өлеңіне қатысымы туралы да арнайы зерттеулер жүргізу қажеттілігі бар.

Халық ауыз әдебиетіндегі «Жар-жар» өлеңді Бақырғани «Әліппе» жанрында жырлапты. Сырт ұқсастығы болған, ішкі мәні сопылық астар алған. «Әлифті» Алланың Барлығы мен Бірлігінің белгісі ретінде алған. Бұл туралы да Т.Қыдыр еңбегінен білдік.

Т.Қыдыр ҚР Ұлттық кітапханасында «қозғаусыз» жатқандай, ғылыми айналымға өлеңдік арқауында кең зерттеуге шықпаған түркі поэзиясы үлгілерін дәстүр, поэтикалық өріс мәнінде Абайдың Шығыс ақындарына еліктеуден туды делінетін үш шығармасының ауқымында кең зерттейді.

Өзі баяз (антология деп айқындап – Қ.М.) атаған шығармалар топтамасында «Әліппе» үлгісімен жазылған өлеңдерге назар аударған.

Өлең сөздің теориясын арғы негіздерге бұру өзектілігін Құлмат Өмірәлиевтің [6] жыраулық поэзиядағы шумақаралық желілі үйқас табиғатына қатысты зерттеулері қадап айтқанымен, академик Рабиға Сыздық құптағанымен [9, 187] бұл мәселе өлеңтануда ішкі негізінде батыра зерттелді деп айта алмаймыз. Т.Қыдыр келтірген өлеңдік құрылымдардың үйқас, шумақ жүйесінде Қ.Өмірәлиев байламдарымен сабақтас, өзектес айрықшалықтар болуы әбден анық көрінеді; зерттеушіге зәрулікте бұл мәселенің барлығын бір ғалымға міндеттеп қою қисынға келмейді.

Т.Қыдыр зерттеуінде мән беріліп, шығармалары салыстыра сараланған ақындардың көпшілігі отандық шығыстануда айтылмаған, аталмаған шығармашылық тұлғалар.

Зерттеу өрісін кеңейтуде, шығармашылық факторларында ғылыми айналымға түсуді күтіп келе жатқан өзекті мәселенің бірі «шағатай тілі» атауына, ұғымына қатысты.

Дін желілерін тарқата негіздеу, ұғындырудағы экзегетикалық дәстүр қазақ әдебиеті тарихының қай дәуірінде де ізі қалған әдеби үрдіс. Бұл мәнде XIX ғасырдағы қазақ өлеңі болсын, XX ғасыр басындағы болсын, әрідегі жыраулық поэзия болсын – барлығының арқауындағы діни-ағартушылық арқау бойынша да қазақ әдебиеттану, өлеңтану ғылымдарында зерттеулер тапшы.

«XIX ғасыр әдебиетіндегі экзегетикалық дәстүр» [10] атты зерттеуде дәуір әдебиеті мазмұн, діни сарын жүйесінде зерделенгенімен, өлеңдік құрылым, жанр, түр бойынша зерттеу келешекті күтеді.

«Мың жылдан аса уақыт Кіші Азия, Орталық Азия, Еділ-Бұлғар және Кавказ түріктерінің жазу құралы болып келген араб графикасында әдеби өрнектер мен шайырлық шеберліктер жасалғаны белгілі. Ортағасырлық түркі әдеби жәдігерлерін зерделегенімізде араб графикасы дыбысты белгілейтін жәй ғана таңба болып қалмастан, өнер деңгейіне жеткенінің куәсі боламыз. Соның бір мысалы – түркі ақындары жарыса жырлаған «Әліппе» [2, 240].

«Әліппе» жанр ма, әлде әдеби өрнек пе деген мәселедегі ғылыми тоқтамдарды тақырып бойынша арнайы зерттеулерге ұштастыру қажеттілігі айқын. Бұл тұрғыда аса өнімді қолданыста болған шығармашылықтың шайырлық шеберліктен жанр деңгейіне жеткендігі айтылған. Түрік ғалымдары бұл жанрды «Элифнама» атаған екен [11, 309].

Әліппе жанрының жасампаздығы араб әліппесіне байланған. XX ғасырдың бірінші жартысындағы арабтан латынға, одан кирилл қарпіне ойысу «Әліппенің» жанр ретінде өмір сүруін тоқтатқан. Араб әрпінде жазатын халықтарда бұл жанр әлі күнге сақталған [2, 243].

Нәтижелер. Төрәлі Қыдырдың аталған еңбегін Абай өлең құрылысы, қазақ өлеңтану мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу өзектілігінде зерделеу Абай шығармаларының өлеңдік түр, жанр, құрылымдық-поэтикалық айрықшалықтарын зерттеу міндеттерімен сабақтас.

Абай поэзиясын халық ауыз әдебиеті дәстүрі; Шығыс және Батыс әдебиеттерімен ықпалдастық өрісінде реформаторлық тұрғыдан зерттеу абайтанудың салалы бір арнасы болып қалыптасқан. Кезеңдік идеологиялық талаптар, басқа да ішкі, тысқы себептерден Абай өлеңіндегі ортағасырлық түркі әдебиеті дәстүрі жеткілікті зерттелмеді.

Мұсылмандық шығыс поэзиясының ортағасырлық түрік поэзиясы үлгілерінің Абай шығармашылығына тигізген елеулі ықпалын атап көрсету, ашып саралауға қазақ әдебиеті тарихын тұтас игерудегі кезеңдік кедергілер жол бермеді.

Панисламизм, пантюркизм сынды танымдық байламдар Абай поэзиясындағы ортағасырлық түркі ақындары ықпалын тар шеңберде, жас шағында Шығыс ақындарына еліктеп жазылған дейтін үш туындысының айналасына үйіріп қойды.

Қазақ өлеңіне реформа жасағандығы, 16-17 өлеңдік түрде өлең шығарғандығы айтылғанымен, Шығыс классикалық поэзиясы, ортағасырлық түркі жазба әдебиеті дәстүрінде туған шығармалары терең теориялық талқыға тартылмады; Абайға орыс поэзиясы тигізген ықпал бойынша зерттеулерге басымдық берілді. Аталған мәселелерді талдау барысында ол кезеңдегі өмір сүру формасы, ерекшеліктерін қоса қамту қажет. Абай Құнанбайұлы өлеңдеріндегі мәтіннің берілуі, автор ойы, уақыт пен кеңістік, дискурс мәселелерін кеңінен қараған кезде жан-жақты түсіне аламыз. Өлеңнің берілу, баяндау формасы арқылы шығарманың мәнін, автор ойын байқауымызға болады [12, 34].

Абай өлеңіндегі айрықшалықтардың басым сипаттары қазақ ауызша поэзиясында, сонымен бірге М.Әуезов Абайдан көп бұрын болғандығын атап айтатын жазба ақындық дәстүрде [3, 93] болғандығы тұрғысында тұғырлы ғылыми ұстанымдар қалыптастыру ұзақ жылдарға кешеуілдеді.

Төрәлі Қыдырдың «Абай мұрасы және ортағасырлық түркі жазба жәдігерлері: әдеби компаративистикалық талдау» зерттеуі осы мәселеде басым зерттеулерде «шағатай» әдебиеті, «шағатай» жазуы аталып танылған ортағасырлық түркі жазба поэзиясы, жазба әдеби тіл мен Абай шығармашылығының өзектес, сабақтастығын айқындауда елеулі жаңа пайымдауларға қол жеткізген еңбек. Өлең түрлеріне қатысты терминдік атаулар, шығыс классикалық, ортағасырлық түркі поэзиясының жанрлық айрықшалықтары құрылымдық-поэтикалық негіздерінде Абайдың Шығыс ақындарына еліктеп шығарған делінетін үш өлеңі ауқымында нақтылы салыстырылып, сараланған. Осы негізде қазақ өлеңтануында, абайтануда кейінгі кезеңге шейін ашылмаған, айғақталмаған өлеңтануға қатысты күрделі ғылыми проблемалар шешім тапқандығы туралы айтылуы керек. Хакім Абайдың астарлы ұғымдары, айналымға тартқан он-сан жаңа сөз, сөз тіркестері, тұтас образды поэтикалық жүйесі мәтіндік тұғырға әрдайым басымдық береді [13, 57].

Абай өлеңінің «Әліппе» жанрындағы жазылған түркі ақындары мұрасымен үндестігі, деңгейлестігі нақтылы мәтіндік салыстыруларда жаңа байламдармен нақтыланып отырады. Абайдың Шығыс ақындарынша шығарды делінетін өлеңдерінің діни арқауы, құрылымдық-поэтикалық айрықшалықтары ортағасыр түркі жазба поэзиясы дәстүрлерінде танылып, пысықталады. Нәтижесінде Абай поэзиясының тұтас шығармашылық-поэтикалық арқауын түзген дара сипаттардың дәстүрлі негіздері абайтануда алғаш рет арнайы

зерделеніп, мұсылмандық Шығыс әдебиетінің белгілі бір тарихи кезеңдегі елеулі дерегі, дәйегі мәнінде бағаланады.

Төрәлі Қыдыр еңбегі негізінде өлеңдік түр бойынша жұмыс жүргізу Абай поэзиясын әлемдік поэтикалық мектептер ауқымында игеруді жаңа пайымдаулармен дамытады.

Абайдың дүниетанымдық арқауы мығым, дәстүрлі шарттары қатаң, формалық негіздерітұрақтыортағасырлықтүркіжазбаәдебиетіпоэтикасындағыдарашығармашылық бағыты айқын.

Осы мәнде жанр шарттарында түр, құрылымдық сипаттарында жүргізілген нақтылы мәтіндік салыстырулар тың ғылыми байлам, қисыны келіп тұрған болжамдармен негізделген шығыстанушы ғалым Төрәлі Қыдырдың аталған зерттеуі Абай өлеңін тануды дамытуда елеулі мәнге ие .

Қорытынды. Бұл мақалада Абай поэзиясын өлең түрлері, ондағы дәстүрлі негіздер; ақындық кітапхана маңыздылығында зерттеуді дамыту өзектілігінде арнайы жазылған, Абай поэзиясында алғаш рет ортағасырлық түркі жазба әдебиеті дәстүрі ауқымында түркі шайырлары шығармаларымен мәтіндік тұрғыдан салыстыра саралаған белгілі шығыстанушы ғалым Төрәлі Қыдырдың «Абай мұрасы және ортағасырлық түркі жазба жәдігерлері: әдеби компаративистикалық талдау» еңбегі мәселе бағытындағы ғылыми міндеттерде қарастырылды.

Зерттеудегі «Әліппе» жанрының дәстүрінде жазған түркі поэзиясы өкілдерінің өлеңдерімен Абайдың Шығыс ақындарынша жазылған делінетін туындыларын салыстыру Абай поэзиясын Шығыс классикалық, ортағасырлық түркі жазба әдебиетімен тамырлас, өзектес тұғырларында ашатындығы мәнінде сәйкес байлам, болжамдар айтылды.

Мақаланың жазылу барысында Шығыс поэзиясы дәстүрінің ортағасырлық түркі жазба әдебиеті ауқымындағы, Абай поэзиясындағы көрініс табуы бойынша жазу түріне, жанрлық-құрылымдық сипаттарына, дара шығармашылық бағыттарына мазмұндық-поэтикалық тұрғыдан мән берілген Т.Қыдыр зерттеуінің Абай өлеңінің шығыстық негіздері бойынша мән-маңызына ден қойылып, ондағы ғылыми негізділік, ұстаным қисындылығы нақтылы дәйектелді.

Абай поэзиясының ортағасырлық түркі жазба әдебиетімен салыстырыла зерттеуіндегі басым нәтижелерін абайтанудағы өлеңтану бағытындағы ғылыми байламдар ауқымында пысықтап, қорыту бойынша жұмыс жүргізілді.

Абай поэзиясының Шығыс классикалық әдебиетінің даму бағыттарындағы дара шығармашылық өрісі тұрғысында Абайдың Шығысы жас кезінде Шығыс ақындарына еліктеп шығарған делінетін үш өлеңімен шектелмейтіндігі, тұтас шығармашылық, айқын дәстүрлі бағыттарда шығыстық, түркілік негіздің басымдығын айғақтауда кезеңдік тиымдар болғандығы, бұл жөнде Абай мұрасының мұсылмандық шығыстық арқаулары бойынша зерттеулерді дамыту өзектілігі; осындағы Т.Қыдыр еңбегінің ғылыми негіздемелері ғылыми маңыздылығында танымға тартылды.

Абай қазақ өлеңіне қосқан түрлердің түпнегізінде Шығыс поэзиясының басымдығы айқын болатындығының түпдеректері мейлінше қамтылып берілген жаңа зерттеу Абайтанудың қазіргі міндеттерінде туындап отырған, ілгеріде идеологиялық тосқауылы көп болған күрделі ғылыми мәселенің шешімді жолдарын пысықтауымен маңызданады.

Осы мәнде Т.Қыдыр зерттеуінің Абай поэзиясын жанрлық-поэтикалық тұрғыдан қазақ өлеңтануында тіс батпай келген мұсылмандық, Шығыс, ортағасырлық түркі жазба әдебиеті дәстүрлерінде игеру өзектілігіндегі арнайы саралау тәсілдерінде ұтымды дәйектеген, оңтайлы ұғындырған, отандық әдебиеттанудың теориялық тарихын шығыстық негіздерінде ұтымды әдіснамалық тұрғыдан толықтыра түскен еңбек болып шыққандығына көз жеткізілді.

Абай поэзиясындағы әрбір өлеңдік түрді, қайталанбас поэтикалық өрнектерді тарихи негіздерінде, шеберлік тәсілдер дәстүрінде, жанр шарттарында шығыстық арқауында әлемдік, отандық әдебиеттанудың, абайтанудың тәжірибесінде зерттеуді дамытудың Абай поэзиясын ақындық кітапхана, әдеби ықпалдастық факторында нақтылы саралап, игеруде елеулі мәні бар.

Әдебиеттер:

1. Абай Құнанбайұлы. Толық жинақ. – Алматы: Қазақстан, 1933. – 402 б.
2. Қыдыр Т. Абай мұрасы және ортағасырлық түркі жазба жәдігерлері: әдеби компаративистикалық талдау. Ғылыми-зерттеу еңбек. – Алматы: Алгорифм, 2023. – 254 б.
3. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.15. – Алматы: Жазушы, 1989. – 328 б.
4. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп, 1973. – 212 б.
5. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін… / құраст. және алғы сөзі: ф.ғ.д., проф. Қ. Ергөбек. – Алматы: Ана тілі, 2009. – 344 б.
6. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі (XIX ғ. бірінші жартысы). – Алматы: Ғылым, 1983. – 240 б.
7. Науаи Ә. Мухакәмәтул-луғатаййн / дайындаған Т. Қыдыр. – Нұр-Сұлтан: Халықаралық Түркі академиясы, 2021. – 208 б.
8. Сүлеймен Бақырғани. Ақырзаман. Әдеби жәдігерлер сериясы. 7 том. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 480 б.
9. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Санат» баспасы, 1995. – 343 б.
10. Сейсенбиева Э. XIX ғасыр әдебиетіндегі эндегетикалық дәстүр: филология ғылымдарының PhD докторы дисс. – Алматы, 2023. – 155 б.
11. Kaya D. Türk Halk Edebeyatı Terimleri Sözlüğü. – Ankara: Akçağ, 2007. – 822 б.
12. Seisenbiyeva, E., Begmanova, B., Aitova, Z., Tulebayeva, K., Madibayeva, K. (2022) The basics of determining the speech of national traditions in literature | Les bases de la détermination du discours des traditions nationales dans la littérature. XLinguaethis link is disabled, 15(4). – P. 28–37. DOI: 10.18355/XL.2022.15.04.03.
13. Мәдібаева, Қ., Мағазбеков, Н., Мүлік, Д. Абайдың әдеби мұрасын хатқа түсіру: Сәдуақас Шорманов қолжазбасы. «Keruen» ғылыми журналы, 81(4), 2023. – Б. 47-59. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-03

К.К. МАДИБАЕВА, Н.Ж. МАГАЗБЕКОВ,
Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан
Н.М. РАХМАНОВА
Алматинский гуманитарно-экономический университет, Алматы, Казахстан

ПОЭТИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА АБАЯ: ТРАДИЦИИ СРЕДНЕВЕКОВОЙ ТЮРКСКОЙ ПОЭЗИИ

Аннотация. Изучение поэзии Абая по типам стихотворных форм является фундаментальным направлением, утвердившимся на научной основе в истории абаеведения и получившим широкое развитие. Ахмет Байтурсынов в труде «Әдебиет танытқыш» специально акцентировал внимание на вопросах строения абаевского стиха, стихотворных форм и размеров. В этом контексте особое значение имеют также мнения Ильяса Жансугурова и Габдрахмана Сагди (1922, 1923 гг.). Традиционные основы поэзии Абая всесторонне проанализированы в трудах М.Ауэзова, С.Муканова, Г.Тогжанова, Е.Ысмайылова, К.Жумалиева, З.Ахметова, З.Шашкина, А.Нуркатова. В истории абаеведения исследование стихотворных форм определилось как научное направление, опирающееся на поэтические основания казахской поэзии, а также на взаимодействие восточной классической литературы и западно-русской поэзии. Осознание периодического характера любой научной проблемы подчеркивает актуальность продолжения исследований поэзии Абая в аспекте стихотворных форм. В советский период возможности проведения специальных тематических исследований, посвящённых восточным мотивам в поэзии Абая и традициям средневековой тюркской поэзии, были ограничены. Приоритет отдавался рассмотрению стихотворных размеров в поэзии Абая в рамках влияния русской поэзии и укоренившихся форм. При этом известна констатация главного абаеведа М.Ауэзова о том, что Абай никогда не отказывался от «восточного берега», к которому обратился в юности,

и вплоть до последних лет жизни сохранил эту линию, что подтверждается его произведением «Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас». Однако данный аспект оставался в стороне при исследовании стихотворных форм. В исследованиях М.Мырзахметова и трудах О. Кумисбаева, посвящённых теме «Абай и Восток», упоминаются жанровые формы и поэтические особенности восточной поэзии, однако конкретное сравнение традиции стихотворных форм с абаевской поэзией не представлялось возможным. Период независимости открыл путь к сопоставительному изучению истории казахской литературы с арабской классической литературой и письменной традицией средневековой тюркской поэзии. Однако из-за нехватки специалистов и проблем финансирования науки данный актуальный научно-теоретический вектор пока не получил должного развития. В настоящей статье посредством конкретных анализов рассматривается связь и влияние средневековой тюркской литературы на творческое наследие Абая.

Ключевые слова: абаеведение, поэтическая библиотека, стихотворный вид, средневековая тюркская письменная поэзия, чагатайский язык, мухаммас, восточная мусульманская литература.

K.K. MADIBAYEVA, N.ZH. MAGAZBEKOV,
M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan
N.M. RAKHMANOVA
Almaty Humanitarian and Economic University, Almaty, Kazakhstan

ABAI'S POETRY LIBRARY: TRADITIONS OF MEDIEVAL TURKIC POETRY

Annotation. The study of Abai's poetry through the classification of verse forms constitutes a fundamental direction that has been established on a scientific basis within the history of Abai studies and has significantly expanded its scope. In his seminal work Әдебиет танытқыш (The Fundamentals of Literature), Akhmet Baitursynuly devoted special attention to the structure of Abai's verse, poetic forms, and meters. In this regard, the views of Ilyas Zhansugurov and Gabdrakhman Sagdi (1922, 1923) are also of particular importance. The traditional foundations of Abai's poetry were thoroughly examined in the works of M.Auezov, S.Mukanov, G.Togzhanov, E.Ysmailov, K.Zhumaliev, Z.Akhmetov, Z.Shashkin, and A.Nurkatov. Within the history of Abai studies, the investigation of verse forms has crystallized into a distinct scholarly orientation, one that considers the poetic foundations of Kazakh poetry in conjunction with the influences of Eastern classical literature as well as Western and Russian poetics. Recognizing the periodical character of any scientific problem highlights the continuing relevance of researching Abai's poetry through the lens of verse forms and the confluence of traditions. During the Soviet period, opportunities for conducting specialized thematic studies on the Eastern motifs in Abai's poetry and on the traditions of medieval Turkic verse were significantly constrained. Instead, priority was given to analyzing Abai's verse meters in relation to Russian poetic influence and the forms established therein. At the same time, the leading Abai scholar M. Auezov asserted that Abai never abandoned the "Eastern shore" he had turned to in his youth, maintaining this orientation until the final years of his life, as reflected in his work Allah's Essence Is Truth, His Word Is Truth. Nevertheless, this dimension remained marginalized in studies of Abai's verse forms. In the research of M.Myrzakhmetov and the works of Ö. Kumisbaev, dedicated to the theme of "Abai and the East," the genre types and poetic features of Eastern literature are noted; however, a concrete comparative analysis of verse-form traditions with Abai's poetry was not possible. The independence era opened the way to comparative studies of Kazakh literary history with Arabic classical literature and the written tradition of medieval Turkic poetry. Yet, due to the shortage of specialists and issues of research funding, this crucial scholarly and theoretical direction has not been actively pursued. This article presents a detailed analysis of the relationship and influence of medieval Turkic literature on Abai's creative legacy.

Keywords: Abai studies, poetic library, poetic form, medieval Turkic written poetry, Chagatai language, Muhammad, eastern Muslim literature.

References:

1. Abai Qūnanbaiūly. Tolyq jinaq. – Almaty: Qazaqstan, 1933. – 402 b.
2. Qydyr T. Abai mūrasy jäne ortağasyrlyq türkı jazba jädıgerlerı: ädebi komparativistikalyq taldau. Čylymi-zertteu eñbek. – Almaty: Algorifm, 2023. – 254 b.
3. Äuezov M. Jiyrma tomdyq şyğarmalar jinağy. T.15. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 328 b.
4. Ahmetov Z. Öleñ sözdıñ teoriasy. – Almaty: Mektep, 1973. – 212 b.
5. Kenjebaev B. Türık qağanatynan bügınge deiın… / qūrast. jäne alğy sözı: f.ğ.d., prof. Q. Ergöbek. – Almaty: Ana tılı, 2009. – 344 b.
6. Ömıräliev Q. Qazaq poeziasynyñ janry men stilı (HIH ğ. bırınşı jartysy). – Almaty: Čylym, 1983. – 240 b.
7. Nauai Ä. Muhakämätul-luğataiin / daiyndağan T. Qydyr. – Nūr-Sūltan: Halyqaralyq Türkı akademiasy, 2021. – 208 b.
8. Süleimen Baqyrğani. Aqyrzaman. Ädebi jädıgerler seriasy. 7 tom. – Almaty: Taimas baspa üiı, 2008. – 480 b.
9. Syzdyq R. Qazaq ädebi tılınıñ tarihy. – Almaty: «Sanat» baspasy, 1995. – 343 b.
10. Seisenbieva E. HIH ğasyr ädebietındegı endegetikalyq dästür: filologia ğylymdarynyñ PhD doktory diss. – Almaty, 2023. – 155 b.
11. Kaua D. Türk Halk Edebeyatı Terimleri Sözlüğü. – Ankara: Akçağ, 2007. – 822 b.
12. Seisenbiyeva, E., Begmanova, B., Aitova, Z., Tulebayeva, K., Madibayeva, K. (2022) The basics of determining the speech of national traditions in literature | Les bases de la détermination du discours des traditions nationales dans la littérature. XLinguaethis link is disabled, 15(4). – P. 28–37. DOI: 10.18355/XL.2022.15.04.03.
13. Mädıbaeva, Q., Mağazbekov, N., Mülık, D. Abaidyñ ädebi mūrasyn hatqa tüsıru: Säduaqas Şormanov qoljazbasy. «Keruen» ğylymi jurnaly, 81(4), 2023. – B. 47-59. DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-03

Авторлар туралы мәлімет:

Мәдібаева Қанипаш Қайсақызы – филология ғылымдарының докторы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, профессор, Алматы, Қазақстан.

Мәдібаева Қанипаш Қайсақызы – доктор филологических наук, главный научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, профессор, Алматы, Казахстан.

Madibayeva Kanipash Kaisakyzy – chief researcher at the M.O.Auezov Institute of Literature and Art, doctor of philology, professor, Almaty, Kazakhstan.

Мағазбеков Нұр Жандосұлы – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Мағазбеков Нұр Жандосұлы – научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан.

Magazbekov Nur Zhandosuly – researcher at the M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

Рахманова Нуржанат Малдыбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Алматы гуманитарлық-экономикалық университетінің доценті, Алматы, Қазақстан.

Рахманова Нуржанат Малдыбаевна – кандидат филологических наук, доцент Алматинского гуманитарно-экономического университета, Алматы, Казахстан.

Rakhmanova Nurzhanat Maldybayevna – Candidate of philological sciences, associate professor at Almaty Humanitarian and Economic University, Almaty, Kazakhstan.